

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ «ДАРЫНДЫЛЫҚ
ПЕН ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДІ
ДАМУДЫҢ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК «ДАРЫН»
ОРТАЛЫҒЫ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ
«ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКИЙ НАУЧНО-
МЕТОДИЧЕСКИЙ ЦЕНТР РАЗВИТИЯ
ОДАРЕННОСТИ И ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО
ОБРАЗОВАНИЯ «ДАРЫН»
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ ВОСТОЧНО-
КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

Абай даңғылы, 21 Өскемен қаласы,
ШҚО, Қазақстан республикасы, 070002
тел +7(7232)7542-12
E-mail:vk_daryn@mail.ru

Проспект Абая, 21 город Усть-Каменогорск,
ВКО, Республика Казахстан, 070002
тел +7(7232)7542-12
E-mail:vk_daryn@mail.ru

01-22 № 777
28-08-2024

**Қалалық және аудандық білім
бөлімдерінің басшылары,
медициналық-әлеуметтік
мекемелердің (МӘМ) және арнайы
мектептердің директорларына**

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың Шығыс Қазақстан ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығының жұмыс жоспарына сәйкес **2024 жылғы 12 қыркүйек күні Өскемен қаласында Жеңіл атлетикадан Қазақстандық Арнайы Олимпиадасының Облыстық турнирі** (бұдан әрі-Турнир) өткізіледі.

Турнирді өткізудің мақсаты - Арнайы Олимпиадалық қозғалысты насихаттау, спортпен айналысуға зияткерлік мүмкіндіктері шектеулі жаңа спортшыларды тарту, оларды әлеуметтендіру және қоғамға кіріктіру, қоғамның, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың зияткерлік мүмкіндіктері шектеулі адамдарға деген көзқарасын өзгерту және назар аудару болып табылады.

Турнирдің қатысушылары өтетін орны Өскемен қаласына дейінгі және қайтар жолдағы қауіпсіздігі үшін, жол полиция бөлімінің арнайы машинасының немесе қызметкерлерінің бірге ілесіп жүруімен қамтамасыз етілуі тиіс.

Турнир Special Olympics Inc. спорт ережелеріне сәйкес өткізіледі.

Турнирге медициналық-әлеуметтік мекемелер (МӘМ) мен арнайы мектептердің командалары өтінімдер негізінде қатыса алады.

Команда құрамы: 12 адам, 4 қыз, 4 ұл, 2 жаттықтырушы, 1 дәрігер, 1 команда өкілі. Турнирге қыздар мен ұлдар қатысуға рұқсат етіледі.

Командаларды бөлу келесі жас топтарында жүргізіледі: 12-15 жас, 16-21 жас.

Өтінім қатаң түрде нысан бойынша (1-қосымша) рәсімделеді, оған медициналық-әлеуметтік мекеменің (МӘМ), арнайы мектептің директоры қол қояды. **Өтінімдер 2024 жылғы 6 қыркүйекке дейін (сканерленген)** мына электрондық мекенжайға жіберіледі: sporturizm@shygysdaryn.kz.

Өтінімдер (түпнұсқа) өткізу орнына келгеннен кейін мандаттық комиссияға беріледі.

Мандаттық комиссияға өтініммен бір мезгілде:

- 1) қатысушының туу туралы куәлігі;
- 2) оқу орнынан анықтама ұсынылады.

Турнирді өткізу туралы ереже <https://www.shygysdaryn.ai.kz> сайтында орналастырылған.

Қосымша: 4 парақта.

Директордың м.а.



Г. Елемесова

Орынд.: К. Уразаева

И. Калиахметова

Тел.: 8(7232)70-26-74